

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалары жұмыстарының жоспарларын  
Қазақстан Республикасының Президентімен және Қазақстан Республикасы  
Парламентінің Мәжілісіне Үкімет енгізетін заң жобаларын Қазақстан  
Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу тәртібі туралы Ережені бекіту  
туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 19 маусым N 3044  
Күші жойылды - ҚР Президентінің 2002.05.17. N 873 жарлығымен. ~U020873

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалары жұмыстарының жоспарларын Қазақстан Республикасының Президентімен және Қазақстан Республикасы Парламентінің мәжілісіне Үкімет енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу тәртібі туралы Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1996 жылғы 19 маусымдағы  
N 3044 Жарлығымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалары жұмыстарының жоспарларын Қазақстан Республикасының Президентімен және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Үкімет енгізетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу тәртібі туралы  
Ереже

I. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалары жұмыстарының жоспарларын Қазақстан Республикасының Президентімен келісу тәртібі

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының Z952688\_ 12-бабының 2-тармағына сәйкес Үкіметтің заң жобалары жұмыстарының жоспарлары Қазақстан Республикасының Президентіне келісуге беріледі.

2. Үкіметтің заң жобалары жұмыстары жоспарының жобасы Мемлекет басшысына Премьер-Министрдің қол қоюымен беріледі. Бұл орайда жоспардың жобасы, заң жобаларының тізбесін қоспағанда, заң жобаларын Парламенттің Мәжілісіне енгізудің негіздемесі мен мерзімі көрсетілген тиісті түсініктеме жазбаны қамтуға тиіс.

3. Ұсынылған жоспар жобасы Мемлекет басшысының көмекшілері мен кеңесшілерінің, Президент Әкімшілігінің өзге де мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен пысықтау үшін президент Әкімшілігінің Заң және құқықтық сараптама мәселелері жөніндегі бөліміне беріледі.

4. Пысықталғаннан және тиісті қорытынды әзірленгеннен кейін жоспар жобасы Мемлекет басшысына беріледі.

Жоспар жобасын Республика Президентімен келісу Мемлекет басшысының тиісті бұрыштама қоюы жолымен жүзеге асырылады. Келісілген жоспар жобасы тиісті ұсыныстармен және ескертулерімен (бұлар болған жағдайда) қорытынды түрінде Мемлекет басшысының ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, оны одан әрі қарап, бекіту үшін Үкіметке қайтарылады.

5. Үкімет Аппараты Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі мен Президент Әкімшілігінің Заң және құқықтық сараптама мәселелері жөніндегі бөлімін Үкіметтегі заң жобалары жұмысының жай-күйі туралы ай сайын хабардар етіп отырады.

## II. Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заң жобаларын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу тәртібі

6. Әзірленген және тиісінше ресімделген заң жобасы Мемлекет басшысының көмекшілері мен кеңесшілерінің, Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелері басшыларының сұратулары бойынша Үкімет Аппараты басшысының қол қоюымен Президент Әкімшілігіне беріледі. Бұл орайда құжаттар пакеттерінде заң жобасымен бірге заң жобасын жан-жақты қарау үшін барлық қажетті материалдар (құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және қаржылық негіздемелер, сараптамалар қорытындылары және т.б.) болуға тиіс.

7. Заң жобасы Президент Әкімшілігіне берілгеннен кейін ол Заң және құқықтық сараптама мәселелері жөніндегі бөлімінде пысықталады, оны

Мемлекет басшысының тиісті көмекшілері, кеңесшілері, сондай-ақ Президент Әкімшілігінің өзге де мүдделі құрылымдық бөлімшелері пысықтайды.

8. Заң жобасы пысықталғаннан және Бөлімнің (бөлімдердің), Президент көмекшісінің (кеңесшісінің) тиісті қорытындылары әзірленгеннен кейін материалдар Президент Әкімшілігі тиісті құрылымдық бөлімшесі басшысының немесе Мемлекет басшысы көмекшісінің (кеңесшісінің) қол қоюымен одан әрі пысықтау, айтылған ескертулер мен ұсыныстарды ескеру үшін Үкімет аппаратына жіберіледі. Аталған қорытындылар Президенттің Республика Парламентінің Палаталарындағы өкілдерінің назарына жеткізіледі.

Заң жобасына Бөлімнің (бөлімдердің) немесе Президент көмекшісінің (кеңесшісінің) жағымсыз қорытындысы болған жағдайда материалдар осы қорытындысымен бірге сол бойынша одан әрі түпкілікті шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысына жіберіледі.

9. Заң жобасын Республика Парламентінің Мәжілісіне енгізудің алдында Үкімет Аппараты Заң және құқықтық сараптама мәселелері жөніндегі бөлім мен Мемлекет басшысының тиісті көмекшісін (кеңесшісін) берілген қорытындылар бойынша қолданылған шаралар туралы хабардар етеді.

10. Мемлекет басшысының атынан шұғыл деп жариялау жоспарланған заң жобалары мен Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша пысықталып, Парламент Мәжілісіне Үкімет енгізуге тиіс заң жобалары Президент Әкімшілігімен міндетті түрде алдын ала келісілуі керек.